

«Моңғолдың құпия шежіресінің» қазақша алғашқы ғылыми аудармасы жайында

«Моңғолдың құпия шежіресі» XIII–XIV ғасырлардағы моңғол тілін, тарихын, әдебиетін, этномәдениетін зерттеу үшін елеулі мұра болып қана қоймайды, сонымен бірге ол байырғы түрік тайпаларының, этносоциалдық бірлестіктерінің тілін, тарихын, әдебиетін, этномәдениетін салыстыра зерттеу үшін де құнды мұра екені даусыз. Олай дейтініміз — қазіргі Моңғолия жерінде белгісіз дәуірден біздің заманымыздың VI–XIII ғасырларына дейін көне түрік, ұйғыр, қырғыз, керей, найман, қоңырат, татар сияқты түрік тайпалары мекендеді. Бұл тайпалар шығысындағы моңғол тайпаларымен көршілес қарым-қатынаста болды. Сондықтан да бұл туындыда тарихи-деректемелік тұрғыдан түріктану мен моңғолтану үшін, тіпті далалық көшпелілердің тарихи бітім-болмысын зерттеу үшін қажет дерек-мәлімет мол.

«Моңғолдың құпия шежіресінің» қазақша алғашқы аудармасы 1979 жылы Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы Өлгий қаласында жарық көрген еді. Оны әдеби-көркемдік тұрғыда аударуға жазушы, журналист Мағауия Солтанияұлы көп еңбек сіңірді. Сондай-ақ аударманың өлең жолдарын тәржімелеуге ақын Имашхан Байбатырұлы атсалысты. Бұл қазақша көркем аудармаға моңғол ғалымы, академик Ц. Дамдинсүрэннің аталмыш туындының көне моңғол тілді нұсқасынан қазіргі моңғол тіліне икемдеп назиралаған әдеби аудармасы негіз болды. Мағауия Солтанияұлының аудармасын алғаш оқып көргенімде оны оқырман қауымға ұсынуға әбден болатындығына көзім жеткен еді. Сол кезде осы аударманың жауапты редакциясын басқардым. Ол уақытта бұл аударманың жарыққа шығуына біршама кедергілер де

болған. Одан бері де міне отыз жылдай болыпты. Аталмыш қазақша алғашқы әдеби аударма 1990 жылы Алматы қаласында, 2002 жылы Ұланбатыр қаласында қайта басылып шықты.

Қазір міне қазақша алғашқы ғылыми аудармасы ұсынылып отыр. Мен 1967–1970 жылдары «Моңғолдың құпия шежіресінің» көне тілдік мәтінін көне түрік, қазіргі түрік тіл-сөйленістері негізінде, әсіресе түрік тілдерінің қыпшақ тобының диалектикалық ерекшеліктерін кеңінен ескере отырып, ғылыми негізде аударуды бастаған едім. Алайда түрлі себептерге байланысты ол істі толық аяқтай алмадым.

«Моңғолдың құпия шежіресінің» бұл алғашқы аудармасы ойдағыдай атқарылды деп ойлаймын. Мұнда шежіренің көне моңғол тілді түпнұсқа мәтінінің ғылыми транскрипциясы жаңадан қарастырылды, байырғы тілдің фонологиялық заңдылықтары ескерілді, әрбір сөз, сөз тіркестері мен этномәдени көне атаулардың нақты семантикасы, мағыналық ерекшеліктері, грамматикалық жүйесі толықтай зерделенді. Сондай-ақ көне мәтіннің мағыналық аудармасы жасалып, ғылыми түсіндірмелері, есімдер, этнос атаулары, географиялық көрсеткіштері дайындалған.

Белгілі бір тілдің тарихы дегеніміз сол тілде сөйлеуші этностың, халықтың, ұлттың тарихы дегенмен парапар. Жалпы алғанда, алтай тіл білімінде түрік, моңғол және тұңғыс-манжұр тілдерін туыстас, төркіндес деп санайтын болсақ, онда қазақ және моңғол тілдері төркіндес әрі осы тілдер тобының негізгі өзек тілі болып табылады. Мәселен, көне түріктерден бұрынғы замандарда түрік, моңғол, тұңғыс-манжұр тілдері қандай болды деген сұраққа диахрондық сараптау, тарихи-салыстырмалы зерттеу арқылы ғана жауап бере аламыз. Байырғы жазба ескерткіштерді тарихи-деректеметанулық, тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы да осында. Осы қырынан қарағанда «Моңғолдың құпия шежіресі» секілді көне тілдік жазба ескерткіштерді зерттеу маңызды, сол арқылы тілді, тіл тарихын, этнос тарихын, оның этносаяси, этномәдени даму заңдылықтарын, өзгеру, алмасу сынды сан қилы құбылыстарын айқындауға әбден болады.

«Моңғолдың құпия шежіресінде» сол замандардағы тарихи болмыс мейлінше шынайы хатталған. Бұл бірегей туынды түрік, моңғол және т. б. этностардың тарих, этнография, тіл, әдебиет, фольклор және т. б. көптеген салаларының зерттеулері үшін құнды мағлұматтарға аса бай. Сондықтан да «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері» сериясының бірінші томы болып жарияланып отырған «Моңғолдың құпия шежіресінің» алғашқы ғылыми аудармасы түріктану, моңғолтану, алтай тіл білімі зерттеулері үшін де құнды деп білемін.

Б. Базылхан,

*филология ғылымдарының докторы,
профессор*